Павлодар қаласы
білім беру бөлімінің
2019 жылғы «23» 08
№ 679 бұйрығына
1- қосымша

«Жыл тәрбиешісі - 2019»
қалалық конкурсының
ЕРЕЖЕСІ

«Жыл тәрбиешісі - 2019» қалалық конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) Павлодар қаласы білім беру бөлімі өткізеді. Конкурс педагогикалық қоғамдастықтың белсене қатысуымен өткізіледі.

«Жыл тәрбиешісі - 2019» қалалық конкурсы туралы Ережеде сайысты өткізу механизмдері мен тәртібі анықталған. Конкурсқа мектепке дейнгі ұйым тәрбиешілері қатыса алады.

Конкурстың мақсаты:

- ұстаздың жағымды беделін қалыптастыру, тиімді педагогикалық тәжірибені анықтау және тарату, педагогтардың кәсіби өсуіне ықпал ету.

Конкурстың міндеттері:

- педагог қызметкерлердің шығармашылық белсенділіктерін дамыту;
- талантты ұстаздарды анықтау;
- ұстаздық мамандықтың беделін арттыру;
- білім беру үдерісін ұйымдастыруда инновациялық идеяларды қолдау, педагогикалық ғылымның заманауи жетістіктерін насихаттау;
- заманауи көптілдік педагогикалық тәжірибені енгізу.

1. Конкурстың өткізу формасы, ережесі, мерзімі

Өтініштi тапсыру мерзімі –**2019 жылғы 9 қыркүйекке дейін.**

Сайыс қыркүйек айында **екі кезеңде** өткізіледі:

1 іріктеу кезеңі – Педагогикалық ұстанымды қорғау.
Өткізу мерзімі: **2019 жылғы 16 қыркүйек.**

2 іріктеу кезеңі – «Ұстаз шеберлігі» (таныс емес топта ашық сабақ өткізу).
Өткізу мерзімі: **2019 жылғы 23-24 қыркүйек.**

Ұйымдастырушы комитет және сайыстың қазылар алқасы

Сайысты дайындау және өткізу үшін білім беру бөлімінің және қала балабақшаларының өкілдерінен ұйымдастырушы комитет құрылады.

Сайыстың қазылар алқасы жоғары оқу орындарының ұстаздарынан, балабақша басшылары мен тәжірибелі ұстаздарынан, білім беру бөлімінің өкілдерінен құрылады.

Сайыстың қазылар алқасы:

- түскен мәліметтерге сараптама жүргізеді;
- ұстаздың әрекетін, өзіндік қасиетін, жұмысының нәтижесін бағалайды.

2. Сайысты ұйымдастыру, тәртібі және мазмұны

Сайысқа оқыту тәжірибесіне инновациялық технологиялар мен көптілдік элементтерді енгізетін мемлекеттік және орыс тілінде оқытатын қала балабақшаларының тәрбиешілері өз еркімен қатыса алады. Жалпы балабақшалардан еңбек өтіліне байланысты 1 тәрбиеші жіберіледі. Аталған тәрбиеші 3 номинацияның біреуіне қатыса алады:

«Үміт» аталымы – педагогикалық жұмыс өтілі **3 жылдан 5 жылға** дейін;

«Шеберлік шыңы» аталымы – педагогикалық жұмыс өтілі **6 жылдан 15 жылға** дейін;

«Шоқ жұлдызы» аталымы – педагогикалық жұмыс өтілі **16 жылдан жоғары**.

Сайыстың мына **кезеңдері бекітіледі**:

Қалалық сайысқа қатысу үшін мектепке дейінгі ұйымдар **2019 жылдың 9 қыркүйегіне дейін** ұйымдастыру комитетіне (Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 25, 424 кабинетке) төмендегі материалдарды ұсынулары қажет:

- білім беру бөлімінің үлгі бойынша **өтінімі** (ББ басшысының қолы және мөрімен) (5.1- қосымша)
- қатысушының **сауалнамасы** (5.2 - қосымша)

Сайыстың мазмұны:

- ашық іс-шара;
- педагогикалық ұстанымды қорғау (бейнепрезентация) - 5 минут.

3. Сайысты өткізу технологиясы

Сайыстың барлық кезеңдерінде қазылар алқасы сайыскерлерді бағалайды:

- кәсіби шеберлігін;
- жұмысының жүйесін;
- әрекетінің тиімділігі мен нәтижелігін;
- жеке қасиеттерін (педагогикалық көкейкөздігі, суырып салмалы, ұйымдастырушылық қабілеттері және жаңашылдығы қаралады).

3.1 Педагогикалық ұстанымды қорғау (30 ұпайдан, 5 мин.) – **16 қыркүйек.**

Мақсаты: ұсынылатын жұмыс тәжірибесі, нәтижелілігі негізінде қызметінің кәсібиденгейін бағалау.

Педагогикалық ұстанымды қорғау критерийлері (6 ұпайдан):

1. Тәжірибенің өзектілігі мен жаңашылдығы.
2. Оқушыларды оқытудағы, тәрбиелеудегі тәжірибе нәтижелілігінің оң динамикасы.
3. Педагогтің өз тәжірибесін таратудағы шығармашылық белсенділігі.
4. Инновациялық тәжірибе құрастырудағы қала/облыстағы шығармашылық ұжымдардың жұмысына белсене қатысу.
5. Презентация тәжірибесінің ерекшелігі мен мазмұндылығы.

3.2 Ашық іс-шара (50 ұпай) **–23-24 қыркүйек.**

Мақсаты: оқу үдерісін ұйымдастырудағы кәсіби құзыреттілігін бағалау.

Ашық іс-шара бағалау критерийлері: (10 ұпайдан)

1. Заманауи білім беру технологиялары негізінде оқушылардың оқу

әрекеттерін ұйымдастыру;

2. Дидактикалық құралдар, қолданылатын тәсілдер мен технологиялардың сабақтың мақсатына сәйкестік дәрежесі, жоспарланған сабақ нәтижесіне жетуді бағдарлау;

3.Оқушылардың нәтижеге жету мотивациясын арттыруды қолдану тәсілдерінің тиімділігі;

4. Тәрбиешінің бақылау-бағалау әрекетінің тиімділігі;

5. Ұстаздың рефлексиялық әрекеті.

4. Конкурс қорытындыларын шығару

4.1. Сайыстың ақтық қорытындыларын қазылар алқасының мүшелері шығарады.

4.2. Сайыс жеңімпаздары үшін **төрт жүлделі орын (бас жүлде** және **3 номинация)** және **3 лауреат** анықталады.

4.3. Сайыс тапсырмаларын бағалау нәтижелері бойынша ең көп ұпай жинаған қатысушыға Бас жүлде тағайындалады.

4.4. Сайыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері Құрмет дипломдарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

4.5. Сайыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсімі Мұғалімдер күніне орай өткізілетін қалалық мереке аясында өтеді.

5. Қосымшалар

5.1. Сайысқа қатысу туралы өтінім үлгісі.

5.2. Қатысушының сауалнамасы.

5.3. Сайыс қатысушыларының материалдары.

Қатысушылар сауалнамаларын nurgul.nurgalieva.78@mail.ru электронды поштасына жолдаулары қажет. Сайыс орытындылары бойынша есепке арнап ұсынылатын материалдар көлемі мен түрлері ұйымдастырушылармен анықталады.

Қосымша 5.1

«Жыл тәрбиешісі -2019» сайысына өтінім

МДМ	ТАӘ	бөлім	оқыту тілі	санат	өтілі	номинация

Басшы _____

(мөр)

Қосымша 5.2

Құрметті «Тәрбиешісі – 2019» қалалық сайысының қатысушылары!

Сіздердің шынайы жауаптарыңыз конкурсты ұйымдастырушыларға алдағы уақытта конкурстың құрылымы мен барысын жақсартуға және қатысушылар үшін жағымды жағдайлар туғызуға көмектеседі.

1. ТАӘ (жеке куәлігі бойынша)

_____

2. Туған күні, айы, жылы

_____

3. Жұмыс орны (мектеп, мектептің мекенжайы, жұм.тел.)

_____

4. Біліміңіз, қайда және қашан алдыңыз?

_____

5. Диплом бойынша мамандығыңыз_____

6. Лауазымыңыз _____

7. Атақтарыңыз, марапаттарыңыз, аттестаттау санаты

_____

8. Сіздің жалпы педагогикалық өтіліңіз/аталған ұйымдағы жұмыс өтіліңіз)_____

9. Сіз қай топта жұмыс істейсіз?_____ _____

10. Оқыту тілі _____

11.Біліктілігіңізді қайда және қашан арттырдыңыз?_____

_____

12.Сіздің қызығушылығыңыз, әуесіңіз, сүйікті ісіңіз?

_____

_____

13. Жұмысыңызда не ұнайды, не ұнамайды?

_____

_____

14. Сіздің көзқарасыңыз бойынша, Сіздің қала тәрбиешілерінің ең үлкен проблемасы қандай? _____

_____

15. Конкурстан не күтесіз?_____

16. Сіздің мекенжайыңыз, телефоныңыз (үй, ұялы)

_____

Қатысқаныңыз үшін рахмет!

Күні *Қолы*

Павлодар қаласы
білім беру бөлімінің
2019 жылғы «23» 08
№ 629 бұйрығына
2- қосымша

«Жыл тәрбиешісі» қалалық конкурсының
қазылар алқасының құрамы

1. К.Т.Қыдралин - білім беру бөлім басшысының орынбасары, қазылар алқасының төрайымы:
2. С.Ш.Слямова - әдістемелік кабинет меңгерушісі;
3. Б.Қ.Қырықбесова – мектепке дейнгі білім беру секторының меңгерушісі;
4. С.Д.Нұрғалиева – «Өрлеу» БаҰО АО аға оқытушысы;
5. Л.В.Подобинская - «Өрлеу» БаҰО АО аға оқытушысы;
6. Г.Ш.Шиндлярская - білім беру бөлімінің әдіскері.
7. Ң.Қ.Нұрғалиева - білім беру бөлімінің әдіскері.

Павлодар қаласы
білім беру бөлімінің
2019 жылғы «23» 08
№ 279 бұйрығына
2- қосымша

«Жыл тәрбиешісі» қалалық конкурсының
ұйымдастыру комитетінің құрамы

1. С. Ш.Слямова - әдістемелік кабинет меңгерушісі;
2. Ә.Қ. Нұрғалиева - білім беру бөлімінің әдіскері;
3. О.А.Рысай - Павлодар қаласының № 29 бақшасының басшысы.